

KASE

АПТАЛЫҒЫ

20–24 ақпан
2023

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE "KASE day in Astana" іс-шарасын [өткізді](#).
- SPECTRA сауда-клирингтік жүйесінің жаңа нұсқасы пайдалануға [берілді](#).
- KASE ресми тізіміне Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің [XS2586856879](#) (EBRDe18) халықаралық облигациялары, "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00009421](#) (MFOKb8), Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00009438](#) (EABRb31) облигациялары, АҚШ Қаржы министрлігінің Халықаралық [облигацияларының](#) 16 шығарылымы және үш шетелдік эмитенттің [ETF бағалы қағаздары](#) енгізілді.
- KASE ресми тізімінен алынып тасталды: айналым мерзімінің аяқталуына байланысты "Аграрлық кредиттік корпорация" АҚ [KZ2C00002731](#) (AGKKb4) облигациялары, рұқсаттама бастамашыларының бастамасымен Camoco Corporation [CA13321L1085](#) (CCJ_KZ) және KLA Corporation [US4824801009](#) (KLAC_KZ) жай акциялары, олардың күшін жоюға байланысты "QS Holding" ЖШС [KZ2P00006315](#) (QSHDB1) облигациялары.
- KASE-де "Fincraft Group" ЖШС [KZ2P00009178](#) (NCOMb3), "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00008720](#) (KFUSb42) облигацияларымен және Еуропалық қайта құру және даму банкінің [XS2586856879](#) (EBRDe18) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де The Coca-Cola Company [US1912161007](#) (KO_KZ), NVIDIA Corp [US67066G1040](#) (NVDA_KZ) және M&T Bank Corporation [US55261F1049](#) (MTB_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық тоқтатылды.
- KASE-де Microsoft Corporation [US5949181045](#) (MSFT_KZ), Johnson & Johnson [US4781601046](#) (JNJ_KZ) жай акцияларымен және "Батыс транзит" АҚ [KZ000A0T88N8](#) (BTTRb1) облигацияларымен сауда-саттық қайта басталды.
- "BCC Invest" АҚ "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00008704](#) (KFUSb40) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесін берді.
- Еуразиялық даму банкінің [KZ2D00008257](#) (EABRb26) облигациялары GCGlobalSec КҚС "General" мүлкілік пулының құрамына қабылданатын қаржы құралдарының тізбесіне енгізілді.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 40,0 млн МЕОКАМ-48 53-ші шығарылымын орналастырды ([KZK200000711](#), MOM048_0053)
- Еуропалық қайта құру және даму банкі KASE-де жазылу арқылы, маржасы 0,90 % болатын 13 айлық [XS2586856879](#) (EBRDe18) халықаралық облигацияларын орналастырып, 48,5 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00008720](#) (KFUSb42) және [KZ2C00008936](#) (KFUSb47) облигацияларын орналастыра отырып, KASE-де 27,5 млрд теңге тартты.
- "ҚазТрансОйл" АҚ, Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы және Қытайдың барлау және игеру жөніндегі Мұнай Компаниясы даму және ынтымақтастық мәселелерін [талқылады](#).
- "Отбасы банкі" Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ Fitch Ratings агенттігінің банктің рейтингтік бағаларын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- АНОНС: 14 наурызда 2022 жылдың 12 айы мен төртінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерді жариялау бойынша "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ конференциясы [өтеді](#).



24.02.2023

KASE Индексі	3 341,50	Трендтер (%)	
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "Қазақтөлеком"	29 897,99	1,7	2,7
American Airlines	17,39	0,6	1,1
NOSTRUM OIL & GAS PLC	22,44	-	5,2
АО "Банк ЦентрКредит"	628,00	0,0	0,3
АО "Кселл"	1 773,00	0,1	2,6
АО "KEGOC"	1 619,00	0,1	0,2
АО "Народный банк Казахстана"	127,90	0,1	0,1
АО "Баян Сулу"	440,17	0,3	0,2
Ford Motor Company	13,72	0,4	1,3
АО "КазТрансОйл"	713,00	0,6	1,8
АО "Банк ЦентрКредит"	456,67	0,9	19,2
Advanced Micro Devices, Inc.	79,08	1,2	6,1
Apple Inc.	149,74	1,8	6,1
АО Kaspi.kz	34 600,01	1,8	3,3
Freedom Holding Corp.	72,06	2,0	11,3
АО "ForteBank"	4,16	2,1	7,6
Bank of America Corporation	34,26	3,1	0,1
АО "БАСТ"	9 000,00	3,2	15,1
АО "НК "КазМунайГаз"	9 670,00	3,3	0,5
АО "НАК "Казатомпром"	13 737,53	3,4	6,7
AltyнGold plc	903,00	4,7	3,1
Tesla, Inc.	208,01	5,0	39,7
Intel Corporation	26,00	8,1	14,5

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексінің мәні 3 342 тармақ деңгейіне дейін 1,2 %-ға төмендеді. Жасыл аймақта 1,7 % өсіммен Қазақтөлекомның жай акциялары ғана жабылды.

ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясы акцияларының бағасы тарихи максимум 10 мың теңгеден бір апта ішінде 3,3 %-ға төмендеді.

Осыған қарамастан, өткен жылдың соңында ҚазМұнайГаз IPO өткізілген күннен бастап компанияның акциялары 15 %-ға өсті.

"KASE Global" секторында Microsoft Corporation мен Johnson & Johnson компаниясының жай акцияларымен сауда-саттық қайта басталды. Аталған акциялармен сауда саттық дивидендтер төлеу үшін тізілімнің бекітілуіне байланысты уақытша тоқтатылды.

Қазіргі уақытта "KASE Global" секторына шетелдік компаниялардың 46 акциясы және алты шетелдік ETF биржалық қоры кіреді.

Борыштық капитал нарығында Еуропалық қайта құру және даму банкі TONIA Comrounded индикаторына плюс жылдық 0,9 % тең құбылмалы купондық мөлшерлемесімен 13 айлық халықаралық облигацияларды орналастыра отырып, KASE-де жазылым арқылы 48,5 млрд теңге тартты.

Қазақстандық орнықтылық қоры өтеуге кірістілігі жылдық 16,7-18,3% және жыл өтеу мерзімі 1 жыл және 5 жалпы сомасы 27,5 млрд теңгеге облигациялардың екі шығарылымын орналастырды.

Бір апта ішінде өз облигациялары бойынша купондық сыйақы төлеуді ҚазАгроҚаржы, Қазақстанның Даму Банкі, Еуразиялық банк, Home Credit Bank және басқа эмитенттер жүргізді.

Облигациялары KASE ресми тізімінде тұрған Отбасы Банкі Fitch Ratings агенттігінің банктің рейтингтік бағалауларын тұрақты болжаммен "BBB" деңгейінде растағаны туралы хабарлады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында қаржы министрлігі KASE-де жылдық өтеуге кірістілігі жылдық 15,65 % болатын 39 млрд теңге сомасына төрт жылдық қазынашылық міндеттемелердің бір шығарылымын орналастырды.

20 ақпаннан бастап АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық облигацияларының 16 шығарылымы KASE ресми тізімінің "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторына енгізілді.

24 ақпанда Ұлттық банк базалық мөлшерлемені жылдық 16,75 % деңгейінде өзгеріссіз сақтап қалды. Ұлттық банк сондай-ақ болжамдарды жаңартты: 2023 жылы ЖІӨ өсімі 3.5-4.5 % деңгейінде, ал инфляция деңгейі 9-12 % шегінде.


Халықаралық биржалық жаңалықтар туралы. FOMC (АҚШ-тың Федералды ашық нарық комитеті) ақпан айындағы отырысының хаттамаларын жариялау ФРЖ инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені көтеруді жалғастыру ниетін растады. Өткен жылдың 4 тоқсанындағы американдық ЖІӨ өсімі жылдық мәнде алдын ала 2,9-дан 2,7 %-ға дейін қайта қаралды. Нәтижесінде АҚШ-тың бір аптадағы негізгі индекстері төмендеу бағытында аздап түзетілді. Германияның өндірістік секторының PMI іскерлік белсенділік индексі желтоқсан айындағы мәннен және консенсус-болжамынан төмен болды. Сонымен қатар, қызмет көрсету саласындағы PMI индексі алдыңғы мәннен де, талдаушылардың болжамынан да асып түсті. Халықаралық аренада елеулі жаңалықтардың болмауы аясында іскерлік белсенділік индексі бойынша даулы деректер еуропалық индекстердің негізінен бүйірлік трендіне әкелді.



Ақша нарығында TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі айдың үшінші онкүндігінде өсіп, жылдық 15,76-дан 17,24 %-ға дейін 148 базистік тармаққа өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі "үлкен салық апталығы" аясында қысқа мерзімді теңгелік өтімділіктің төмендеуіне байланысты жылдық 15,5-тен 16,41 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Bazалық мөлшерлеме Repo-1д Свop-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі

24.02.2023 (KZT Yield) 30.12.2022 31.12.2021





Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 24 ақпанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,8%-ға (444,23 теңгеден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 447,73 теңге деңгейінде қалыптасты.


2023 жылғы 17-24 ақпан аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Мысалы, бейсенбіде АҚШ Федералдық резервтік жүйесінің Ашық нарықтар жөніндегі комитетінің 1 ақпанда аяқталған отырысының хаттамасы жарияланды. Комитет мүшелері пайыздық мөлшерлемелерді 25 базистік тармаққа арттырудың орындылығымен келісе отырып, инфляциялық қысымды олардың 2% нысаналы деңгейіне дейін төмендету мақсатында шектеу саясатын сақтау қажет екенін атап өтті. Ал кейбір мүшелер 50 базистік тармаққа едәуір өскенін қолдады. АҚШ Еңбек министрлігінің дерегі бойынша, жұмыссыздыққа берілетін жәрдемақыға арналған алғашқы өтінімдер еңбек нарығындағы үздіксіз шиеленісті көрсете отырып төмендеді, бұл инфляцияны жоғары деңгейде ұстап тұратын фактор ретінде қарастырылады.

Жоғарыда көрсетілген факторлар көбінесе дамушы нарықтардағы валюталардың теріс динамикасына алып келді. Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- үнді рупиясы мұнай бағасын белгілеудің төмендеуі аясында 0,1%-ға (82,83-тен 82,75-ке дейін) нығайды;
- Индонезия рупиясы шетелдік капиталдың әкелілуі аясында 0,1%-ға (15210-нан 15228-ге дейін) әлсіреді. Орталық банк 1 наурыздан бастап экспорттаушылардың доллардағы кірісін тарту үшін 1, 3 және 6 ай мерзімге шетел валютасындағы жаңа мерзімді депозиттер бойынша бәсекеге қабілетті мөлшерлемелерді ұсынады;
- түрік лирасы негізгі мөлшерлемені 50 базистік тармаққа төмендету аясында 0,2%-ға (18,83-тен 18,87-ге дейін) әлсіреді, бұл талдаушылардың орташа күткен мәнінен төмен;
- Мексика песосы АҚШ долларының нығаюы аясында 0,3%-ға (18,37-ден 18,42-ге дейін) әлсіреді;
- Бразилия реалы АҚШ ФРЖ Комитеті хаттамасының шығуы аясында 0,8%-ға (5,16-дан 5,2-ге дейін) әлсіреді. Қаржы министрлігінің хатшысы Орталық банктің Президентімен үнемі байланыста екенін және пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге жағдай жасау үшін жұмыс істеп жатқанын мәлімдеді;
- Оңтүстік Африка ранды электр энергиясын өшіруге байланысты жалғасып келе жатқан проблема аясында 2%-ға (18,06-дан 18,43-ке дейін) әлсіреді. Financial Watchdog Оңтүстік Африканы жағандық қаржы бақылаушысының сұр деп аталатын тізіміне, яғни, заңсыз қаржылық ағындармен күресте кемшіліктері бар елдердің тізіміне енгізді.
- Ресей рублі Ресейдің қаржы институттары мен ресми тұлғаларына қарсы АҚШ пен ЕО тарапынан жаңа санкциялар туралы хабарламалар аясында 2,5%-ға (74,29-дан 76,13-ке дейін) әлсіреді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	538,31	1,48	-5,12	-2,75
— USDKZT	447,73	0,79	-2,74	-2,55
— EURKZT	473,88	0,30	-5,16	-3,16
— CNYKZT	64,54	0,00	-4,38	-1,65
— RUBKZT	5,93	-0,50	-10,86	-6,84

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	3 970,04	-2,7	-1,1	-7,4	-2,7
Dow Jones	32 816,92	-3,0	-2,7	-1,2	-3,1
PTC	914,16	-0,7	-7,4	23,1	-1,5
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-1,5
Hang Seng	20 010,04	-3,4	-9,2	-12,6	-3,3
SS CSI 300	4 061,05	0,7	-2,9	-10,3	0,3
Euro Stoxx 50	4 178,82	-2,2	0,7	9,1	-1,8
FTSEuroFirst	4 856,50	-1,5	1,2	8,2	-1,9
FTSE 100	7 878,66	-1,6	1,7	9,3	-1,2
KASE	3 341,50	-1,2	0,2	-1,3	

Шикізат нарығы

24.02.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	83,16	0,2	-3,4	-16,1
Мұнай (WTI)	76,32	0,0	-4,8	-17,8
Табиғи газ	2,45	7,7	-20,1	-46,3
Мыс	395,20	-3,8	-6,9	-11,3
Темір	932,00	2,6	7,0	28,0
Алтын	1 811,04	-1,7	-6,9	-4,9
Күміс	20,81	-4,2	-13,1	-15,7
Астық	708,25	-7,5	-4,5	-23,5

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

27.02	<u>Ұзақ пайдаланылатын тауарларға базалық тапсырыстар (а/а) (қаңтар)</u>	USD	0,1%	-0,4%
28.02	<u>Тұтынушылардың сенім индексі CB (ақпан)</u>	USD	108,5	107,1
01.03	<u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (ақпан)</u>	CNY	50,5	50,1
01.03	<u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) ISM (ақпан)</u>	USD	48,0	47,4
02.03	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (ақпан)</u>	EUR	8,2%	8,6%
02.03	<u>ЕОБ отырысының монетарлық саясат жөніндегі хаттамасының жариялануы</u>	EUR		
02.03	<u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	195K	192K

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	21,3%	01.03.23	20,7%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,7	01.02.23	35,1
Ақша базасы, млрд KZT	11 707,1	01.02.23	11 874,4
Ақша масса, млрд KZT	33 834,4	01.02.23	34 295,9

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг Күні Алдыңғы

S&P Global

BBB-/A-3 негативті 02.09.22 BBB-/A-3 әлсіз

Moody's

Baa2/әлсіз 11.08.21 Baa3/позитивті

FitchRatings

BBB/әлсіз 02.12.22 BBB/әлсіз



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына көпілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларын пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.